

Нұр - Сұлтан қаласы № 22 мектеп-гимназиясының ішкі тәртіп ережелері

Жалпы ережелер

1.1 Осы ішкі тәртіп ережелері мектеп-гимназия ішіндегі еңбек және басқа да құқықбұзушылықтарды реттеу, еңбек және оқу тәртібін орнату, оқу және еңбек тәртібін нығайту, оқу процесінің ұйымдастырылуын және оқу мен жұмыс уақытының тиімді қолданылуын жақсарту мақсатында ҚР қолданыстағы заңнамасының және № 22 мектеп-гимназиясының Жарғысының негізінде әзірленген.

1.2 Мектеп-гимназияның оқу және еңбек тәртібі мұғалімдер құрамының, қызметкерлердің, оқушылардың өздерінің еңбек және оқу міндеттерін саналы және адал түрде орындауына негізделген және еңбектің нәтижелілігі мен оқу сапасын көтерудің қажетті талаптары болып табылады.

1.3 Осы Ереже барлық мектеп қызметкерлері мен оқушыларының орындауы үшін міндетті болып табылады.

1.4 Оқу жылы 1 қыркүйектен басталады.

- сабақ екі ауысымда жүргізіледі. Сабақтың басталуы:
- 1 ауысым - 8.00-де.
- 2 ауысым – 14.00-де

Сабақ басталар алдында (15 минут бұрын)15-минуттік өткізу үшін ескерту қоңырауы соғылады.

Бір сабақтың ұзақтығы білім беру мекемелері мен ұйымдарымен бекітілген нормативтерге сәйкес.

Әкімшіліктің келісімінсіз оқушыларды мектеп аумағынан тыс әкетуге тыйым салынады.

Балалардың ата-аналарының сабақтарға қатысуы № 22 мектеп-гимназиясы директорының оқу ісі бойынша орынбасарының рұқсаты бойынша, өтініш толтырғаннан кейін мүмкін болады.

Мектептегі жалпы тәртіп кезекші әкімшімен, шаруашылық қызметімен және кезекші сыныппен сақталады.

Келушілердің сыртқы түрі ұқыпты, киім стилі классикалық, міндетті түрде ауыстыратын аяқ киімі болуы тиіс.

Мектептің кіре берісінде, ғимаратта, аумақта темеккі шегуге, ластауға, түкіруге, сонымен қатар басқа да құқыққа қарсы әрекеттерді жасауға тыйым салынады.

Мектепте діни киімдерді және діни белгілерді киюге тыйым салынады.

Мектеп мүлігін бүлдірген жағдайда кінәлі оны табиғи түрде қалпына келтіреді немесе нарықтық бағасын төлейді.

Оқушыларды қабылдау тәртібі

2.1 Мектепке түсу құқығын Нұр – Сұлтан қаласы Әкімдігімен бекітілген мектептің шағын аудандарында тұратын және Sakura.kz платформасынан онлайн тіркелуден өткен оқушылар қолданады.

2.2 Мектепке түсу үшін келесі құжаттар ұсынылады:

- 1) ата-аналардан немесе баланың басқа да заңды өкілдерінен өтініш;
- 2) туу туралы куәліктің көшірмесі;
- 3) денсаулық жағдайы туралы анықтама(№ 026/у-3 форма) № 063 форма.

4) 3*4 см өлшеміндегі бейнесурет – 2 дана көлемінде.

5) жеке іс (барлық табелдер, егер тоқсан аяқталмаса, онда ағымдық бағалар);

Оқушылар үшін:

2.3 Мектепте 1-9 сынып оқушылары үшін біріңғай мектеп формасы енгізілген: қыз балалар үшін – ақ блузка, қара көк бешпент, қара көк желетке, ұзындығы кеңселік қара көк белдемше. Ұл балалар үшін – ақ жейде, қара көк бешпент, № 22 МГ эмблемасы бар қара көк желетке, қара көк классикалық шалбар. 10-11 сынып оқушылары үшін классикалық костюмдер.

Оқушылардың жалпы міндеттері

Оқушылар міндетті:

3.1. № 22 МГ Жарғысын, Педагогикалық кеңес пен мектептің қоғамдық өзін-өзі басқару ұйымының шешімдерін, ішкі тәртіп ережелерін, еңбекті қорғау бойынша нұсқаманы, өрт қауіпсіздігінің ережелерін сақтауға, білім беру процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әкімшілік пен мұғалімдердің талаптарын орындауға;

3.2. Мектепте және одан тыс жерлерде өзінің абыройы мен ар-намысын түсіріп алмайтындай, мектептің жақсы атағына дақ тигізбейтіндей ұстауға;

3.3. Арнайы тағайындалған уақытта мектепке келуге және дәлелді себептерсіз қалдырмауға. Сабаққа келмеген жағдайда оқушы мұғалімге медициналық мекеменің анықтамасын немесе келмеген себебі туралы ата-ана (оларды ауыстыратын тұлғаның) өтінішін ұсынуға;

3.4. Оқу уақытында мектеп-гимназияда болуға. Сабақ уақытында сынып жетекшінің және кезекші әкімшінің рұқсатымен ғана мектеп аумағынан ата-аналармен (заңды өкілдермен) бірге кетуіне болады.

3.5. Адал түрде оқуға, оқу бағдарламасын меңгеруге, үй жұмысын уақытында және сапалы орындауға.

3.6. Өзіне-өзі қызмет етуге және қоғамдық-пайдалы еңбекке қатысуға.

3.7. Мектеп қызметкерлерімен және келушілерімен амандасуға, үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық көрсетуге. Оқушылар – мұғалімдерге, үлкенге жол береді, үлкен оқушылар – кішілерге, ұлдар – қыздарға жол береді.

3.8. Даулы және жанжалды жағдайларды татулықпен, өзара құрмет қағидатымен, жанжалға қатысушылардың көзқарастарын есепке ала отырып шешуге, егер ойнай мүмкін болмаса – сынып жетекшіден, әкімшіліктен көмек сұрауға.

3.9. Мектептің мүлігін ұқыпты ұстауға, оны жөндеуде қолдан келген көмекті көрсетуге, өзінің де басқаның да мүліктеріне ұқыптылықпен қарауға.

3.10. Өзінің сыртқы түрін күтуге, киімді іскерлік стилді ұстауға.

3.11. Тыйым салынады:

- мектептің және оның аумағына қару-жарақтар, жарылғыш, химиялық, өртенгіш заттарды, темекі бұйымдарын, спирт ішімдіктерін, есірткі, уландырғыш заттар мен уларды әкелуге;

- мектеп аумағында және одан 50 метр қашықтықта, ғимаратта темекі шегуге;

- нормативті емес лексиканы қолдануға;

- мектепке кір, ұйпаланған, әдепсіз қысқа және ашық киімде келуге, әртүрлі фан-қозғалыстарға, қандай да бір партияларға, діни ағымдарға және т.б. қатыстылығын ашық түрде көрсетуге;

- мектепте қажеті жоқ жағдайларда бас киіммен және сыртқы киімде жүруге;

- құмар ойындармен ойнауға, алыпсатарлық сипаттағы операциялар жасауға. Ондай болмаған жағдайда әкімшілік, сынып жетекшілер, кезекші мұғалімдер мүлікті оқушының ата-анасы (заңды тұлғасының) келгенге дейін тартып алуы мүмкін.

4. Мектепке келу және кету

4.1. Мектепке үтіктелген іскерлік стилдегі киімде, таза түрде және ұқыпты сәнді шашпен 15-минуттік басталғанға дейін 10-15 минут ерте келуі керек.

4.2. Өзімен бірге күнделік (оқушының негізгі құжаты) және сабаққа қажетті құралдары болуы керек.

4.3. Оқушылар мектепке кіргенде сыртқы киімін шешеді және ауыстыратын аяқ киімін киіледі.

4.5. Сабақ басталар алдында оқушылар кестемен салыстырып анықтауы қажет және бірінші қоңырауға дейін кабинетке келуі тиіс. Қоңыраудан кейін мұғалімнің рұқсатымен сыныпқа кіреді және сабаққа дайындалады.

4.6. Сабақ аяқталғаннан кейін әдептілік ережелерін сақтай отырып, киім шешетін жерден киімдерін алады, ұқыпты киінеді және мектептен кетеді.

5. Сыртқы түр

5.1. 1-9 сыныптарда бірінғай форма (қара көк түсті шалбар, белдемше, пенжак немесе желетке), 10-11 сыныптарда – көктүсті іскерлік костюм. Оқу жылының барысында ауыстырылатын аяқ киімнің болуы міндетті (классикалық туфли, өкшенің оңтайлы биіктігі – 2-3-4 см.).

5.2. Оқушы қыз балалар үшін: іскерлік костюм, ақ жағалы біртүсті көйлек немесе белдемшемен блузка. Блузка ақ түсті. Белдемше ұзындығы тізеге дейін – 5 см ұзын не қысқа. Шалбарлы костюм көзге түспейтіндей және әрленбеген болуы тиіс. Шалбар классикалық үлгіде. Оқушы қыз баланың шашы: таза, күтілген. Иықтан жоғары шаш жоғарыға жиналады немесе түйреліп қойылады.

5.3. Ер балалар үшін киім: іскерлік костюмнің сипаттамалы ерекшелігі оның жұпынылығында. Ол жарқыраған түстің жоқтығымен жасалады. Жоғарғы сынып оқушылары үшін қазіргі заманғы костюм: костюм – дәстүрлі үлгідегі екі даналы немесе үш даналы, таза жейде, дұрыс таңдалған галстук. Жейде костюмнен ашықтау түсте, галстук жейдеден қаралау түсте болуы керек. Жейде ақ, ақшыл көк, тым ақшыл-көк түстерге рұқсат беріледі.

5.4. Мектепшілік іскерлік костюмге кірмейтіндер: биік өкшелі аяқ киім; ашық, шамданған және абстрактылы суретті киімдер; джинсы, спорттық және арнайы тағандалған басқа да киімдер.

5.5. Қатаң тыйым салынады: шашты әртүрлі түске бояуға (соның ішінде түссіздендіру); дреды өруге, афро-американдық өрімдер жасауға; кірпікті жалғап өсіруге; ашық түсті немесе тым қара түсті маникюрге, көз бен қасты бояуға; шашты жайып жүруге. Жасөспірімдерге қара түсті, жолақты немесе түрлі-түсті жейде киюге, шашты, мұрт пен сақалды өсіруге. Қыз балаларға қатты жабысқан шалбар киюге. Қысқа шалбар мектеп формасына жатпайды.

6. Сабақтағы әрекеттер

6.1. Оқушылар кабинеттегі өз орындарына отырады, себебі ол орындарды сынып жетекшілер немесе пән-мұғалімдер оқушылардың психо-физикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып орнатады.

6.2. Әр мұғалімөзінің пәні бойыншасабақты өткізу кезінде Қазақстан заңдарына, мектептің нормативтік құжаттарына және ережелеріне қайшы келмейтін өзіндік ережелерін анықтайды. Бұл ережелер осы мұғалімде білім алатын барлық оқушылардың орындауы үшін міндетті.

6.3. Сабақ басталар алдында оқушылар өзінің жұмыс орнын және сыныптағы жұмыс үшін барлық қажеттілерді дайындауы керек.

6.4. Сыныпқа мұғалім кіргенде амандасу белгісінде оқушылар тұрады және мұғалім сәлемге жауап беріп, отыруға рұқсат бергеннен кейін отырады. Сабақ барысында сыныпқа кірген кез-келген үлкен кісілермен осындай үлгіде амандасады.

6.5. Сабақ уақыты тек қана оқу мақсатында қолданылуы тиіс. Сабақ барысында шулауға болмайды, өзін және басқаларды әңгімемен, ойындармен және сабаққа қатысы жоқ басқа да жұмыстармен алаңдатуға болмайды.

6.6. Мұғалімнің талабы бойынша (сынып жетекші) күнделікті ұсынуы тиіс. Оқушылар кез-келген жазбаны күнделікке ұқыпты жазуы керек. Әр оқу аптасынан кейін оқушының ата-аналасы күнделікке қол қоюы керек.

6.7. Сұрақ қоюға немесе жауап беруге дайын болғанда – қолды көтеру және мұғалімнен рұқсат алу керек.

6.8. Егер оқушы сыныптан шыққысы келсе, ол мұғалімнен рұқсат сұрауы керек.

6.9. Сабақтан қоңырау – мұғалімге арналған дабыл. Мұғалім сабақтың аяқталғаны туралы хабарлағанда ғана оқушылар тұруға, өзінің жұмыс орнын тазартуға және тәртіпке келтіруге, сыныптан шығуға құқылы.

6.10. Оқушылардың дене шынықтыру сабағына арналған спорттық киімі мен аяқ киімі, сонымен қатар еңбек, үй шаруашылығы сабақтарына арналған арнайы киімі болуы керек. Ондай киімі болмаған жағдайда, оқушылар сыныпта қалады, бірақ жаттығуға рұқсат берілмейді.

6.11. Сабақта ұялы телефондармен және оқу процесіне қатысы жоқ құрылғылармен қолдануға тыйым салынады. Барлық техникалық құралдарды сөндіру және алып тастау керек (плеер, құлаққап, ойын құралдары және т.б.), ұялы телефонды дыбыссыз режимге қою және үстелден алып тастау керек. Бұзған жағдайларда мұғалім сабақ барысына техникалық құрылғыны алып қоюға құқылы. Осы талаптарды бірнеше рет бұзған жағдайда құрылғы тек қана ата-аналардың (заңды өкілдері) қатысумен қайтарылады.

7. Үзілістергі іс-әрекеттер

7.1. Оқушылар демалуға арналған уақытты қолдануға міндетті.

7.2. Дәліз, баспалдақ, өтетін жерлер бойынша қозғалған кезде оң жақты ұстану керек.

7.3. Үзіліс кезінде оқушыларға тыйым салынады:

- шулауға, басқаларға демалуға кедергі келтіруге, баспалдақта, терезеге жақын жерлерде және ойын үшін бейімделмеген басқа да жерлерде жүгіруге;

- бір-бірін итеруге, кез-келген қиындықтарды шешу үшін заттарды лақтыруға және дене күшін қолдануға;

- кез-келген тұлғаға қатысты әдепсіз сөздер мен ымдарды қолдануға, қорқытуға, күшпен алушылықпен айналысуға;

Осы тармақты бұзу заңнамамен көрсетілген шараларды қолдануға әкеледі.

7.4. Сабақ болмаған жағдайда оқушылар вестибюлде, кітапханада немесе асханада отыруына болады.

8. Асханадағы іс-әрекеттер

8.1. Оқушылар гигиена ережелерін сақтайды: асхана бөлмесіне сыртқы киімдерсіз кіреді, тамақ ішер алдында қолдарын жуады.

8.2. Асханада оқушыларға бар кезек тәртібінде қызмет көрсетіледі, оқушылар асхана қызметкерлерінің талаптарын орындайды, тағамдарды сатып алу кезінде тәртіпті сақтайды. Ыстық және сұйық тағамдарды алу және қолдану кезінде зейін мен сақтық танытады.

8.3. Асханадан алған және өзімен алып келген тағамдар мен сусындарды асханада ғана қолдануға болады. Тамақтан кейін асханалық бұйымдарды өздерінен кейін жинайды.

8.4. Сабаққа кешіккен жағдайда есікті қағып, кіріп, мұғаліммен амандасады, кешіккені үшін кешірім сұрайды және өз орнына отыру үшін рұқсат сұрайды.

9. Сабақтан тыс іс-шараларды өткізу кезіндегі іс-әрекеттер

9.1. Іс-шара өткізер алдында оқушылар техника қауіпсіздігі бойынша нұсқамадан өтуге міндетті.

9.2. Көпшілік іс-шара өткізу кезінде жетекшінің барлық кеңестерін қатаң түрде орындау керек, өзінің және айналадағылардың өміріне қауіп төндіретін кез-келген әрекеттерден аулақ болу керек.

9.3. Жетекші белгелегендей оқушылар тәртіпті сақтап, белгіленген қозғалу бағдарын ұстануы, топпен бірге жүруі керек.

9.4. Жеке гигиена ережелерін қатаң түрде сақтау керек, денсаулығының нашарлағаны немесе жарақаттар туралы топ жетекшісіне уақытында хабарлау керек.

9.5. Оқушылар жергілікті дәстүрлерді құрметтеуі керек, табиғатқа, тарихи және мәдени ескерткіштерге, жеке және топтық мүліктерге ұқыптылықпен қарауы керек.

9.6. Ашық оттықтарды қолдануға (шырақтар, шамдар, отшашулар, шартылдақтар, алауларды және т.б.), жануды болдыруы мүмкін химиялық, пиротехникалық және басқа заттарды қолданумен сәулелік әсерлер жасауға тыйым салынады.

10. Сынып старостасының міндеттері:

10.1. Оқушылардың барлық оқу жаттығулары мен іс-шараларына қатысуын қатысу журналына арнайы есепке алу.

10.2. Оқушының сабаққа келмеу және кешігу себебін көрсетумен сынып жетекшіге баянат беру.

Ынталандыру

11.1. Жақсы үлгерімі, жақсы іс-әрекеті және мектеп өміріне белсене қатысқаны үшін оқушыларға келесі ынталандыру түрлері белгіленген:

- алғыс жариялау;
- Құрмет грамотасымен және Мақтау қағазымен марапаттау;
- оқушының тегі мен суретін «Оқу үздіктері» стендіне енгізу;
- оқушының атын «Дарынды балалар» тізіміне енгізу.

11.2. Ынталандыру мектептің Педагогикалық кеңесінің, жоғарғы сынып оқушылары кеңесінің, сынып жетекшінің ұсынысы бойынша мектеп директоры шығарады және директордың бұйрығымен рәсімделеді. Ынталандыру көпшілік алдында жариялау жағдайында беріліп, оқушылар мен мектеп қызметкерлеріне жеткізіледі. Әрбір бөлек жағдайда оқушыны ынталандыруды туралы директор (немесе сынып жетекші) ата-аналарға (заңды өкілдері) алғыс хат жолдап хабарлайды.

Жазалау

12.1. Мектептегі тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында оқушыларға қатасты жазалау шаралары қолданылуы мүмкін.

12.2. Жазалау тағайындалатын бұзушылықтар төмендегілер болып табылады:

1. Дәлелді себептерсіз сабақты көп қалдыру;
2. Қол жұмсау – сабау мен соққыға жығу;
3. Байбалам, қорқыту, бопсалау.
4. Моралдік кемсіту:
 - қорлаушы жалған аттар қолдану;
 - ұлттық және әлеуметтік белгілер бойынша кемсітушілік;
 - физикалық жетіспеушілігін айрықша баса айту;
 - былапыт сөздер;
 - басқа адамды қасақана күйзелуге жеткізу;
5. Адамның абыройын төмендету:

- қорқытып тартып алу;
- ұрлау;
- мүлікті бұзу.

6. Қару-жарақты, спирт ішімдіктерін, темекі бұйымдарын, есірткілік және уландырғыш заттарды қолдану және беру.

12.3. Мектеп жазалаудың келесі түрлерін қолданады:

- ескерту;
- оқушыларға және мектеп мүліктеріне қасақана жасаған залалды өтеуді ата-аналарға (заңды өкіл) жүктеу;
- көпшілік алдында өзінің кешірімін айту міндетін жүктеуге;
- мектептен шығару.

12.4. Жазалау жариялау ережелері

1. Жауапкершілікке тек қана кінәлі оқушы ғана тартылады.
2. Жауапкершілік жеке сипатта болады (оқу ұжымы мүшесінің әрекеті үшін сынып, топ оқушыларының ұжымдық жауапкершілігіне жол берілмейді).
3. Төлету жазбаша түрде тағайындалады (педагогикалық ықпалдың ауызша әдістері тәртіптік жаза деп есептелмейді).
4. Бір бұзушылық үшін бір негізгі жазалау тағайындалады.
5. Осы Ережеде қарастырылмаған тәртіптік жазалау шараларын қолдануға тыйым салынады.
6. Оқушыға тәртіптік жаза тағайындауға дейін өзінің әрекетін өзінің жасына сәйкес түрде түсіндіру және дәлелдеу мүмкіндігі берілуі керек (қорғану құқығын ұсыну).

12.5.Жазалау сынып жетекшінің, Алдын алу кеңесінің, мектептің Педагогикалық кеңесінің ұсынысы бойынша мектеп директоры шығарады.

12.6.Жарғыны бірнеше рет өрескел бұзғаны үшін мектептің Педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша 15 жасқа толған оқушыны мектептен шығаруға рұқсат етіледі.

Төмендегідей ауыр зардаптар әкелген немесе әкелуі мүмкін болған бұзушылықтар жарғыны дөрекі бұзу деп танылады:

- Оқушылардың, қызметкерлердің, ата-аналардың (заңды өкілдер) өмірі мен денсаулығына нұқсан келтіру;
- Мектептің мүлігіне, оқушының, қызметкерлердің, ата-аналардың (заңды өкілдер) мүліктеріне зиян келтіру;
- Мектеп аумағына ішімдік сусындарымен, есірткі заттарымен, Мектеп оқушыларының, қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін заттармен келу.

Қорытынды ережелер

13.1.Осы ереже барлық мектеп аумағына және мектеп оқушылары қатысатын барлық іс-шараларға таралады.

13.2.Құқыққа қайшы келетін әрекеттер жасағаны үшін, № 22 МГ Жарғысын бұзғаны үшін, ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін мектептің Педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша 14 жасқа толған оқушылар мектептен шығарылуы мүмкін.

13.3.Осы ереже жалпыға бірдей таныстыру үшін мектептің көрінетін жеріне ілініп қойылады.